



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02
ББК 74.00

индивидуальное поведение в динамически изменяющихся условиях, обеспечивающая внутреннюю уверенность в себе, гармонию с собой и окружающим миром» [5, с. 2].

На основании литературного анализа теории и практики исследований проблем конкурентоспособности личности в различных странах И.В. Терелянская, И.В. Курышева дают этому феномену следующее определение: конкурентоспособность личности – это социальная способность индивидуума, позволяющая ему быть востребованным в различных сферах деятельности (общественной, личной, профессиональной) на основании его психо-физиологических и личностных качеств и умения презентовать их в условиях ограниченного спроса.

Главная задача, стоящая сегодня перед вузом, – формирование благоприятной среды, обеспечивающей непрерывный интенсивный рост и развитие молодых специалистов, повышение их конкурентоспособности на рынке труда.

Учитывая, что базовой основой качеств, определяющих конкурентоспособность личности, является ее способность к творческому саморазвитию и самореализации, приоритетом образования в XXI в. должна стать парадигма: гарантированное качество образования через творческое саморазвитие и творческую самореализацию. Другими словами, образование будет способствовать становлению человека как конкурентной личности только в том случае, если образование переходит в самообразование, воспитание – в саморазвитие, а развитие – в творческое саморазвитие и творческую самореализацию личности.

Список литературы:

- 1 Митина Л.М. Психология развития конкурентоспособной личности. Библиотека психолога
- 2 Терелянская И.В. Психологические подходы к понятию конкурентоспособности личности. //Мир науки, культуры, образования. № 2 (33) 2012г.
- 3 Сафиуллин Н.З., Сафиуллин Л.Н. Управление конкурентоспособностью предприятий / Монография. – Казань: Изд-во Казанск. ун-та, 2008 – 189 с.
- 4 Котикова, Г.П. Управление конкурентоспособностью: учебное пособие. – Кемерово, 2001.
- 5 Шаповалов, В.И. Конкурентоспособность личности в парадигме инновационного педагогического менеджмента // Ярославский педагогический вестник. – 2003. – № 4.

ОӘЖ74.92

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ ПЕДАГОГ- ПСИХОЛОГТІҢ РӨЛІ

Токаева Назгуль Муратбековна
Жоғары санатты педагог-зерттеуші
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
"Қостанай қаласы білім бөлімінің
С.Мәуленов атындағы гимназиясы" КММ

Аңдатпа

Берілген мақалада инклюзивті білім берудің оқушының ерекше білім алу қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерінің әртүрлілігін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ететіні, инклюзивті білім берудің негізіне барлық адамдарға тең қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, бірақ ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін ерекше жағдай жасайтын балалардың кез келген кемсітуін болдырмайтын идеология салынғандығы туралы айтылған. Ол әрбір оқушыға өзінің қабілеттері мен қажеттіліктерін ескеруге және бағалауға мүмкіндік береді.

Аннотация

В данной статье говорится о том, что инклюзивное образование обеспечивает равный доступ к образованию для всех обучающихся с учетом разнообразия особых образовательных потребностей и индивидуальных возможностей учащегося, в основу инклюзивного образования заложена идеология, обеспечивающая равное отношение ко всем людям, но исключая любую дискриминацию детей, создающих особые условия для детей с особыми образовательными потребностями. Это позволяет каждому ученику учитывать и оценивать свои способности и потребности.

Abstract

This article says that inclusive education provides equal access to education for all students, taking into account the diversity of special educational needs and individual capabilities of the student, the basis of inclusive education is an ideology that ensures equal treatment of all people, but excludes any discrimination of children who create special conditions for children with special educational needs. This allows each student to take into account and evaluate their abilities and needs.

Отбасының аса құнды ықпалы мен әсерін өмірдегі ешнәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Балаға ата – ана тәрбиесінің орнын ешнәрсе алмастыра алмайды. Отбасы—өмірге сәби әкеліп, оны тәрбиелеп, қалыптастыруда және ұрпақ жалғастыруда теңдесі жоқ орын. Тәрбиенің ең алғашқы негізі отбасында қаланып, балабақшамен байланыс арқылы одан әрі жалғасады. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей бала тәрбиелеуде осындай міндеттерді іске асырушылар – балабақша мен отбасы. Осы екі арнада жүргізілген тәлім – тәрбие сабақтаса, ұштаса жүргізілгенде ғана мақсатымыз нәтижелі болмақ.

Отбасының тұрмыстық жағдайы, отбасы мүшелерінің саны, психологиялық жағдайы, мәдени білім деңгейі, ата- ана өнегесі зерттеледі.

Жыл бойы жүргізілетін жұмыс жоспарын ата – аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі заманауи талаптарға сай өзекті мәселелерді, отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыптарды өздері ұсына алады. Міне, осыдан кейін ата – аналарға арналған лекциялар, сұрақ – жауап кештері, тәрбие жұмысын алмасу жөніндегі конференциялар, ата – аналарды педагогикалық оқулықтар, әдебиеттермен таныстыру әдіс – тәсілдері қарастырылады. [3, 36 б]

Инклюзивті білім беру-ерекше білім алу қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерінің әртүрлілігін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету. Инклюзивті білім берудің негізіне барлық адамдарға тең қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, бірақ ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін ерекше жағдай жасайтын балалардың кез келген кемсітуін болдырмайтын идеология салынған. Ол әрбір оқушыға өзінің қабілеттері мен қажеттіліктерін ескеруге және бағалауға мүмкіндік береді. Инклюзивті білім берудің негізгі міндеті қоғамда дені сау тұлғааралық қарым-қатынас орнату болып табылады. Инклюзивтік білім беру әр түрлі әлеуметтік азшылық топтарға жататын балаларға білім беруге кемсітушілік көзқарасқа қарсы тұрады, сол себепті кемсітушілікке қарсы халықаралық құқық актілерін орындаудың мүмкін болатын жалғыз нормасы болып табылады. Осыған байланысты инклюзивтік білім берудің сегіз қағидасын еске түсіріп кету дұрыс болады:

1. Адамның құндылығы оның қабілеті мен жетістігіне тәуелді емес.
2. Әрбір адам сезінуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адамның қарым-қатынасқа және естілуге құқығы бар.
4. Барлық адам бір-біріне мұқтаж.
5. Нағыз білім беру өзара шынайы қатынастар контексінде ғана жүзеге асырылады.
6. Барлық адамдар құрдастарының қолдауы мен достығына мұқтаж.
7. Барлық оқушылар үшін ілгерілеу нені істей алмайтынында емес, нені істей алатынында болуы мүмкін.

8. Сан алуан түрлілік адам өмірін жан-жақты күшейтеді

Мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеу үшін міндетті түрде психологиялық-педагогикалық қызмет қажет, олардың міндеттері шеңберіне балалармен дамыту немесе түзету жұмыстары ғана емес, сонымен қатар педагогтармен және ата-аналармен жалпы тәсілдерді, баламен жұмыстың бірыңғай стратегиясын әзірлеу бойынша тұрақты ынтымақтастық кіреді. [4,67 б]

Даму мүмкіндігі шектеулі баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (бұдан әрі-ПМПК) қорытындысы мен ұсынымдары негізінде ұйымдастырылады және білім беру ұйымының ішінде штаттық мамандар (арнайы педагог, психолог, мұғалім-логопед, әлеуметтік педагог және басқалар) негізінде жүзеге асырады.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу тобының әрбір мүшесі кәсіби этиканы сақтауы, егер бұл балаға немесе оның отбасына зиян келтіруі мүмкін болса, психологиялық-педагогикалық тексеру, консультациялық жұмыс немесе басқа да қызмет түрлері нәтижесінде алынған мәліметтерді таратпауы тиіс.

Оқу-тәрбие процесіне инклюзивті білім беруді енгізу мектеп психологына тікелей әсер етеді. Оның бұл үдерістегі рөлі-жекелеген балалар мен педагогтарды, тұтас сыныптар мен жергілікті қоғамдастықты біріктіретін, балалардың шектеулеріне емес, мүмкіндіктерге назар аударатын тұтас қолдау жүйесін құру. Басқаша айтқанда, мектеп психологы мектептің корпоративтік мәдениетін өзгертіп, мұғалімдерге кәсіптің жаңа қырына бейімделуге көмектеседі. [7, 3 б]

Оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу білім беру процесінің барлық кезеңдерінде жүзеге асырылады.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы:

1. Балаларда қабылдау дамуының төмен деңгейі байқалады.
2. Кеңістікті бағдарлау көріністері жеткіліксіз қалыптасқан.
3. Назар тұрақсыз, шашыраңқы, балалар бір қызметтен екіншісіне әрең ауысады.
4. Есте сақтау процестерінің бұзылуы.
5. Танымдық белсенділік төмен.
6. Құрдастарымен, сондай-ақ ересектермен қарым-қатынас қажеттілігі төмендеді.
7. Ауызша және жазбаша сөйлеудің бұзылуы.
8. Төмен жұмыс қабілеттілігі байқалады.

Осының салдарынан балаларда оқу қызметінің толыққанды дағдыларын меңгеруге психологиялық алғышарттардың жеткіліксіз қалыптасуы байқалады. Оқу іскерліктерін қалыптастыру қиындықтары пайда болады (алдағы жұмысты жоспарлау, оқу мақсатына жету жолдары мен құралдарын анықтау; қызметті бақылау, белгілі бір қарқынмен жұмыс істей білу) .

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу баланың білім беру – тәрбие процесі жағдайында дамуын қамтамасыз ететін көмек пен қолдаудың ерекше түрі болып табылады және әрбір баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқу мен даму үшін әлеуметтік – психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасайтын мамандардың біртұтас, жүйелі ұйымдастырылған қызметін білдіреді.[9, 4 б]

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің екі бағытын бөліп көрсету керек:

- балада туындаған қиындықтарды шешуге бағытталған өзекті;
- оқыту мен дамытудағы ауытқулардың алдын алуға бағытталған, перспективалы.

Екі бағыт тек барлық сүйемелдеу қызметі мамандарының бірлескен күш-жігерімен іске асырылуы мүмкін. Сүйемелдеу қызметінің қызметінде бір-бірімен өзара байланысты үш міндетті компонент бар:

* баланың дамуының диагностикасы (психикалық, тұлғалық, әлеуметтік):

* түзету-дамыту бағытындағы жеке және топтық сабақтар бағдарламаларын іске асыру:

* оқыту және дамыту үшін мүмкіндіктері мен баланың даму деңгейіне қойылатын талаптар тұрғысынан білім беру ортасын талдау.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің негізгі міндеттері:

1) балалардың даму бұзылыстарын ерте түзетуді ұйымдастыру (анықталған сәттен бастап);

2) бала мен оның отбасына дамудың, оқытудың, әлеуметтендірудің өзекті міндеттерін шешуде көмек (жәрдемдесу)

3) білім беру және тәрбие бағдарламаларын психологиялық қамтамасыз ету;

4) педагогтардың, ерекше білім беруді қажет ететін оқушының, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін (психологиялық мәдениетін) дамыту;

5) түзету-дамыту, тәрбие жұмысы және баланы оқыту нәтижелілігінің мониторингі (Психологиялық-педагогикалық мониторинг).[10, 5 б]

Осылайша, сүйемелдеудің негізгі принциптері:

1) баланың дамуының кез келген проблемасын шешудің кешенді, пәнаралық тәсілі;

2) білім беру процесінде баланың дамуын сүйемелдеудің үздіксіздігі;

3) сүйемелдеу процесін ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету;

4) ілесіп жүретін қызметті әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық жобалау (болжау)

5) Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жөніндегі іс-шараларға ата-аналарды, педагогикалық және балалар ұжымын белсенді тарту.[11, 4 б]

Инклюзивті білім берудегі психологиялық жұмыстың мәні жүйке-психикалық шиеленісті алып тастаудан; өзін – өзі бағалауды түзетуден; психикалық функцияларды жадыны, ойлауды, қиялды, зейінді дамытудан; пассивтілікті жеңуден; дербестікті, жауапкершілікті және белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастырудан; оқшаулауды жеңуден және коммуникативтік дағдыларды қалыптастырудан тұрады.

Педагог-психолог өз жұмысында психологиялық оңалтудың мынадай әдістерін қолданады: әңгімелесу, жеке психологиялық консультациялар, психологиялық көмек, рөлдік ойындар, тренингтік жаттығулар. Даму мүмкіндігі шектеулі баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін білім беру ұйымының мамандары мүмкіндіктері шектеулі баланы оқыту мен тәрбиелеуде отбасының кең әлеуетті мүмкіндіктерін іске асыру мақсатында ата-аналармен жұмысты ұйымдастырады.

Инклюзивті білім берудегі психолог жұмысында кездесетін үлкен проблема-балалардың мінез-құлқы мен психикалық денсаулығына әсер ететін отбасылық психологиялық тетіктерді анықтау, сондықтан ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімі туралы өте маңызды. Тәжірибе көрсеткендей, біздің мектепте ата-аналармен жұмыс жасаудың ең тиімді түрі мұғалімдердің қатысуымен белсенді түрде өткізілетін ата-аналар жиналысы болып табылады. Осындай тренинг-жиналыстарда ата-аналар баланың дамуының психофизикалық заңдылықтары туралы ойлануға мәжбүр. Мұнда олар

проблеманы жан-жақты зерделеуді, баланың мінез-құлқын түсінуді үйренеді, баламен өзара әрекет ету құралдарының жеке арсеналын кеңейтеді; тәрбиелеудің тиімді тәсілдерін іздеуде кәсіби психологиялық-педагогикалық қолдау алады. Ата-аналарда балалар мүмкіндіктері мен қажеттіліктері туралы түсінік қалыптасады, жаңа ресурстар ашылады. [12, 5 б]

Психолог түзету-дамыту жұмыстарын кезең-кезеңмен, негізінен "ерекше" балалар бар сыныптарда ұжымдық ойын түрінде жүргізеді. Бұл жеке жұмыс үшін жеке шақыра отырып, сыныптастар арасында оларды бөлмеу үшін байланысты. Ойын барысында, әрине, оларға көп көңіл бөлінеді, бірақ бұл өзгелер үшін байқалмайды.

"Ерекше" баламен психологиялық жұмыстың мәні жүйке-психикалық шиеленісті алып тастау; өзін – өзі бағалауды түзету; психикалық функцияларды есте сақтау, ойлау, қиял, зейін дамыту; пассивтілікті жеңу; дербестікті, жауапкершілікті және белсенді өмірлік позицияны қалыптастыру; коммуникативтік дағдыларды иеліктен айыру және қалыптастыру.

Педагог-психолог өз жұмысында психологиялық оңалтудың мынадай әдістерін қолданады: әңгімелесу, жеке және топтық психологиялық консультациялар, психологиялық көмек, рөлдік ойындар, тренингтік жаттығулар, өзара психологиялық көмек және өзара қолдау тобы (қосымшаны қараңыз).

Мүгедек баланың психикалық және физикалық денсаулығы оның көңіл-күйіне және жан жағдайына байланысты. Мұндай балаларды әлеуметтік бейімдеу мақсатында мектепте мүмкіндігі шектеулі адамдарға толеранттық қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған жаппай іс-шараларға белсенді түрде тарту жүзеге асырылады: сынып сағаттары, әңгімелесулер, кеңестер, стендтік ақпарат, суреттер конкурстары, фестивальдарға, ғылыми-практикалық конференцияларға, олимпиадаларға, спорттық іс-шараларға және т. б. [13, 7 б]

Инклюзивті білім беру педагог-психологының негізгі бағыттары:

1. Психодиагностика.
2. Психологиялық кеңес беру.
3. Психологиялық ағарту.
4. Дамытушылық және психокоррекциялық жұмыс.

Инклюзивті білім берудегі психологтардың міндеттерінің бірі – бұл айналасындағыларды (отбасы мүшелерін, басқа балалардың ата-аналарын, мектеп қызметкерлерін, барлық әлеуметтік ортаны) "ерекше" балаларды қабылдауға, құрметтеуге, оларға тұрмыста мейірімділікпен қарауға, оларға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге және осы адамдардың қабілетін бағалауға, оларға қолдау жүйесін құруға үйрету.

Насихаттау мақсатында мүгедек адамдармен қарым-қатынаста қолданылатын К. Мейер (АҚШ-тың Ұлттық қол жетімділік орталығы) жасаған әдептіліктің 10 жалпы ережелерін атап өткім келеді.

1. «Ерекше балалармен» сөйлескеніңізде, әңгімелесу кезінде бірге болатын баланы алып жүрушіге немесе сурдо аудармашыға емес, тікелей өзімен сөйлесіңіз.
2. Сізді «ерекше баламен\адаммен» таныстырғанда, оның қолын қысу табиғи жағдай. Қолын қозғауға қиналғандар немесе жасанды мүшені пайдаланатын адам өзіне қолжетімді қолмен – оң қолымен немесе сол қолымен қол алыса алады.
3. Нашар көретін немесе мүлдем көрмейтін «ерекше баламен» кезескенде, өзіңізді және өзіңізбен бірге келген адамдарды атаңыз. Егер топта ортақ тақырыпта әңгіме жүріп жатса, онда сол сәтте кімге сөйлегеніңізді және өзіңізді атауды ұмытпаңыз.
4. Егер сіз көмек ұсынсаңыз, онда оны қабылдағанша күтіңіз, содан кейін нені және қалай істеу керектігін сұраңыз. Егер сіз түсінбесеңіз, онда ұялмай, қайтадан сұраңыз.
5. «Ерекше балаларды» есімдері бойынша атаңыз, ал жасөспірімдер мен одан ерsekтерге үлкен адамдарға қарағандай қараңыз.
6. Біреудің мүгедектік арбасына сүйену немесе асылу, оның иесіне сүйену мен асылу дегенмен бірдей. Мүгедектік арба – бұл адам пайдаланатын оның өзіндік жеке кеңістігінің бөлігі. (Педагогтар үшін де және балалар үшін де).
7. Қарым-қатынасқа түсуге қиналатын «ерекше баламен» сөйлескенде, оның сөзін мұқият тыңдаңыз. Сөйлегенін өзі аяқтағанша, шыдамды болыңыз, күтіңіз. Оны жөндемеңіз және ол үшін оның сөзін аяқтамаңыз. Егер оның айтқан сөзін ұқпасаңыз, қайтадан сұрауға ұялмаңыз.
8. Мүгедектік арбаны немесе балдақты пайдаланатын «ерекше баламен» сөйлескенде, сіздің көзіңіз бен оның көзінің бір деңгейде болатындай етіп орналасыңыз. Сізге сөйлесуге жеңіл болады, ал сөйлесіп тұрған адамға басын шалқайтудың керегі болмайды.
9. Нашар еститін «ерекше баланың» көңілін өзіңізге аудару үшін қол бұлғаңыз немесе иығынан қағыңыз. Көзіне тура қараңыз, анық сөйлеңіз, алайда нашар еститін балалардың барлығы еріннен оқи бермейді. Еріннен оқи білетіндермен сөйлескенде, сізге жарық түсетіндей, сіз жақсы көрінеіндей жерге орналасыңыз, сізге ештеңенің бөгет болмауын және жауып тұрмауын қадағалаңыз.

10. Егер көрмейтін немесе естімейтін «ерекше балаға» қапысызда «көрісерміз» немесе «ол туралы естідің бе?» деп айтып қалсаңыз, қысылмаңыз. Қорытындылай келе, «әдеттегі балаларда» «ерекше балалармен» қарымқатынас мәдениетін дамытудың, олармен дұрыс емес қатынас жасау қорқынышын төмендетудің маңыздылығын атап өту керек.[14, 33 б]

Инклюзивті білім беру, егер тиісті түрде іске асырылса, ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға білімді меңгеруді, әлеуметтік дамуды және өзін-өзі бағалауды арттыруды қамтамасыз етеді. Қалған оқушылар да білімді жақсы меңгереді, сондай-ақ қоғамның әралуандығын, әлеуметтік әділеттілікті, теңдікті түсіну мен бағалауға үйренеді және бір-біріне жақсы қарауға үйренеді.

Қоғамның өмірлік ұстанымының негізі төзімділік болуы тиіс. Инклюзия дені сау балаларда құрдастарының кемшіліктеріне төзімділікті, өзара көмек сезімін және ынтымақтастыққа ұмтылысты, ал ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларда – құрдастарына оң қарым-қатынасты және оған тән әлеуметтік мінез-құлықты дамытуға көмектеседі.

Осы санаттағы балалар үшін әлеуметтендірудің маңызы зор – баланы құрдастары ортасына, топ өміріне қосу, ұжымда оң тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастыру. Педагог-психолог мамандығы мұнда ерекше маңызға ие. Жалпы білім беретін кеңістікте «ерекше балаларды» тәрбиелеу мен оқыту проблемасы нәзік және икемді тәсілді талап етеді, өйткені дамуында бұзылыстары бар барлық балалар дені сау құрдастары ортасына табысты бейімделе алмайды. Психолог түзету педагогикасы мен арнайы психология шеңберінде жеткілікті білім қоры, жақсы дамыған коммуникативтік дағдылар болуы қажет.

Педагог-психолог жалпы білім беретін мектепте осындай баланың болуы үшін қолайлы жағдай жасауға, баланың нақты мүмкіндіктеріне сәйкес психологиялық қолайлы білім беру ортасын ұйымдастыруға көмек көрсетеді, педагогикалық ұжыммен, ата-аналармен жұмыс жүргізеді. Жеке білім беру бағыттарын әзірлеуге қатысады. Бұл бағыт осындай балаларды ересектердің көмегімен құрдастарының ұжымына біртіндеп енгізуді көздейді, бұл педагогтан бірыңғай балалар ұжымында өзара іс-қимыл жасай білу қабілеті бұзылған балалардың қалыптасуына жаңа психологиялық талаптарды талап етеді.[15, 5 б]

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, 14 желтоқсан 2012ж.
3. Бондаренко И. М., Ковешникова А. М. Составление индивидуальной образовательной программы психолого-педагогического сопровождения детей с ограниченными возможностями здоровья: Методические рекомендации, – 2012. – 36 с.
4. Афонькина Ю.А, Усанова И. И., Филатова О. В. Технология комплексного. психолого-педагогического и социального сопровождения ребенка дошкольного возраста: методические разработки для специалистов дошкольного образования, 2010. – 67 с.
5. Қазақстан Республикасы Президентінің № 1118 Жарлығы «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» – Астана, 2010 .- 7 желтоқсан.
6. «Руководящие принципы политики в области инклюзивного образования».- Париж: ЮНЕСКО, 2009.<http://www.ikprao.ru>.
7. Материалы всемирной конференции «Саламанская декларация о принципах, политике и практической деятельности в сфере -образования лиц с особыми потребностями». – Испания, Саламанка, 1994.- 7-10 июня
8. Қазақстандағы инклюзивті білім // egov.kz мемлекеттік порталы.
9. Р.Б. Каримова «Основные проблемы и задачи инклюзивного образования в РК» // Журнал «Открытая школа».
10. Мухина В. С. Детская психология. – М., 1985. 8. Ахмедалиева, Д. У. Мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмысты ұйымдастыру // Әлеуметтік педагог. – 2010.-№1
11. Дефектология – 2008- №3. 10. Г.Б.Алипкалиева «Инклюзивтік білім беру жағдайында мектеп жасына дейінгі мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтендіру».
12. Инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ұйымдастырылуы // «Открытая школа» журналы. № 7(128) 09. 2013ж
13. Ермағамбет Ә. «Психикалық дамуы тежелген балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы», Дефектология, 2008, №4.
14. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жүргізілетін түзету және дамыту жаттығулары» әдістемелік құрал, Шымкент., 2012.
15. Л.В.Артемова «Дидактикалық ойындар», М., 1992.